



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қойма,  
ауыл шаруашылығы)

2021 жылғы III тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Ақша – кредит саясаты департаменті

## Жалпы ақпарат

### I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)
- пандемияның әсері мен салдары (9 бет)

### II. Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс және бағаларға шолу (10 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (11 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (12-14 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (15 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (16 бет)

## Қорытынды

**Пікіртерім жөніндегі мәлімет**


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2021 жылғы 3-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3326

**Іріктеме туралы мәлімет**

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 199
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 708
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 345
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 938
Көлік және қоймаға жинау кәсіпорындары	➤ 253
Ауыл шаруашылығы	➤ 195

**Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ 2638**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2021-жылдың 3-тоқсанында нарықтағы бәсекелестіктің маңыздылығы тау-кен өндірісінен басқа барлық салалардың барлығы үшін өсті.

Сауда саласы бәсекелестік әсеріне барынша тәуелді сала болып қалып отыр, онда нарықтық бәсекелестіктің өздерінің бизнесіне ықпалын сезетін кәсіпорындар үлесі 42,4%-ды құрады, өңдеу өнеркәсібінде – 32,1%, көлік және қоймалау саласында – 26,9%, құрылыста – 25,8%. Ең төмен мөлшерде ықпалды ауыл шаруашылығы мен кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындары сезуде, көрсеткіш 19,0% бен 14,6%-ды құрады.

Кен өндіру өнеркәсібі бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындар арқылы көрсетіліп отыр (66,8%). Оның басым бөлігін мұнай және табиғи газ өндіру, металл кендері, сондай-ақ тау-кен өнеркәсібінде техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындар құрайды.

Өңдеу өнеркәсібінде ірі және орта кәсіпорындар сала кәсіпорындарының жалпы санының 60,5%-ын құрайды. Сала бойынша өндіріс көлемінің басым бөлігін металлургиялық өнеркәсіп кәсіпорындары өндіреді.


Ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында да ірі және орта кәсіпорындар басым (62,6% және 59,4%).

Көлік және қойма саласы бойынша іріктеменің жартысынан астамы ірі және орта кәсіпорындар (51,0%), олардың көбі мұнай және мұнай өнімдерін құбыржол арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополия субъектілеріне жататын кәсіпорындар аз емес.

Сауда саласы бойынша іріктемеде де бас жиынтықтағыдай ірі және орта кәсіпорындардың үлесі жоғары емес (23,4%).

Аталған салалар бойынша іріктеме репрезентативтілігі\* 41,5% құрайды.

2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %




\* ҚРҰБ кәсіпорындары мониторингіндегі репрезентативтілігі мына формула бойынша бағаланады:  $MҚК \text{ ӨСТ} / \text{ҰСБ ӨСТ} * 100$


мұндағы, МҚК ӨСТ – ҚРҰБ мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың өнімдерін сатудан түскен кіріс (ӨСТ); ҰСБ ӨСТ – Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша ӨСТ.

\* Іріктеме репрезентативтігі 2020 жылдың 4 тоқсанына көрсетілген.

### 3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділіктерін шектеуші факторлар, %



### 4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




Көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша 2021-жылдың 3-тоқсанында бизнесті жүргізуге негізгі кедергі болған **Қазақстан экономикасының жағдайы**.

Сауда кәсіпорындары үшін ең маңызды шектеуші фактор болып басқа кәсіпорындар тарапынан **нарықтық бәсекелестік** табылады. Өңдеуші өнеркәсіп және сауда кәсіпорындары үшін - олардың өнімдеріне деген **сұраныстың жеткіліксіздігі**. Өңдеу өнеркәсібінің **27,3%** және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының **24,6%-ы** білікті кадрлардың жеткіліксіздігін атап өтті.

Алдағы 12 айда барлық секторлар бойынша қаржыландыру деңгейі жалпы өзгеріссіз қалады, сонымен бірге ауыл шаруашылығы, кен өндіру және өңдеу кәсіпорындарында қаржыландырудың ең үлкен өсімі, құрылыс саласында ең төмен өсімі күтілуде. Инвестиция көлемін төмендетуді жоспарлап отырған кәсіпорындардың ең жоғары үлесі кен өндіру саласында және құрылыста, ал ең төмен үлесі сауда саласында күтілуде. Қарастырылып отырған салалардың бәрінде инвестицияны арттыруды жоспарлап отырған кәсіпорындар үлесінен, оны төмендетуді жоспарлап отырғандардың үлесі артық.


Қаржыландырудың негізгі көздері бұрынғыдай кәсіпорындардың **меншікті қаражаты** болып табылады.

**5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)**




Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда кен өндіру өнеркәсібінен басқа қарастырылып отырған салалар үшін қолданылатын негізгі валюта - ресей рублі (өңдеу өнеркәсібінде ресей рублін қолданатын кәсіпорындардың үлесі **65,4%**, саудада – **59,5%**). АҚШ доллары кен өндіру өнеркәсібінде ғана басым (59,8%). 2021-жылғы 3-тоқсанда теңгені ең көп қолданған көлік және тасымалдау (**18,6%**) және өңдеу саласының кәсіпорындары болып табылады (**18,2%**).

**6-график. Теңгенің Ресей рубліне бағамының өзгеруінің кәсіпорынның қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**



**7-график. Теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруінің кәсіпорындардың қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ\*)**




2021 жылдың 3-тоқсанында теңге бағамының **Ресей рубліне** қатысты өзгерісінің кері ықпалы жалпы экономика бойынша бәсеңдеді, алайда тау-кен және құрылыс саласы кәсіпорындары үшін күшейіп, басқа салалар үшін, әсіресе сауда және ауыл шаруашылық салалары үшін бәсеңдеді.

Теңгенің **АҚШ долларына** қатысты өзгерісінің кері әсері барлық қарастырылып отырған салалар үшін төмендеді. Нәтижесінде экономика бойынша ДИ 38,7 өсті.

\* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Банктік кредиттеудің шарттары тиімсіз кәсіпорындардың үлесі, %



1-кесте. Несиелеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қол жетімді	нақты	қол жетімді
Кен өндіру өнеркәсібі	12,0	3,9	4,8	1,8
Өңдеу өнеркәсібі	11,0	5,3	6,3	2,3
Құрылыс	13,4	7,7	8,3	2,5
Сауда	11,7	6,7	6,6	3,3
Көлік және қойма	11,7	4,2	4,1	2,0
Ауыл шаруашылығы	12,2	4,3	-	1,5

9-график. 2021ж. 3 және 4 тоқсанда несие алуға ниеті бар кәсіпорындар, %




2021-жылдың 3-тоқсанында ауыл шарашылығы кәсіпорындары банктердің несиелеу шарттарының сәл нашарлағанын атап өтті, ал барлық басқа салалардың кәсіпорындары жақсарғанын хабарлайды. Кредиттеу шарттарын қолайсыз деп есептейтін кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібінде (13,1%). Көлік және қоймалау және кен өндіру өнеркәсібі саласында олардың үлесі ең аз.


Теңгемен (13,4%) және шетел валютасында (8,3%) алынған несиелер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлеме құрылыс саласында.

2021-жылдың 4-тоқсанында несие алуға ниетті кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібі мен сауда саласында (22,0% және 19,3%, сәйкесінше), ең төмен үлесі – көлік және қоймаға жинау саласында (8,3%).


10-график. Орташа\* салмақтанған несиелік жүктеме\*\*,%,



12-график. Несие алуға берілген өтініштерді қарастыру нәтижесі, саны



11-график. Банк несиелері бойынша мерзімі өткен\*\*\* қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



2021-жылдың 3-тоқсанында ауыл шаруашылығында орташа несиелік жүктеме басқа салаларға қарағанда жоғары болды. Ауыл шаруашылығында өнімді сатудан түскен кірістің орташа есеппен **14,9%** қарызды өтеуге жұмсалады. Бұл көрсеткіштің ең төмен мәні кен өндіру саласында орын алды (**12,0%**).

Банк несиелері бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, кен өндіру өнеркәсібі мен көлік және қоймалау саласынан басқа салалардың бәріңде өсті. Осындай кәсіпорындардың ең көп үлесі ауыл шаруашылығында (**10,8%**), ең аз үлесі - кен өндіру өнеркәсібінде (**4,0%**).

Банктер 2021-жылдың 3-тоқсанында қарастырылып отырған салалардың ішінен **19 кәсіпорынға** несие беруден бас тартты, олардың жартысынан астамы өңдеу өнеркәсібінің және сауда саласы кәсіпорындары. Көлік және қоймалау саласымен ауыл шаруашылығы саласында мұндай кәсіпорындардың саны ең аз. Кен өндіру саласында мұндай кәсіпорындар болған жоқ.


\*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні

\*\* Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс \* 100


\*\*\* 90 күннен астам



**График 13. Пандемияның және инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған шектеу шараларының әсері**



**График 14. Қалпына келтіру кезеңін бағалау**




Кәсіпорындардың басым бөлігі пандемияның және COVID-19 инфекциясының таралуын алдын алуға байланысты шектеу шараларының олардың қызметіне кері әсерін тигізгенін атап өтті. Пандемия салдарынан барлық салалар зардап шекті, ең көп зардап шеккен құрылыс саласы болса, ең азы – ауыл шаруашылығы болды.

Сауалнама нәтижелері бойынша өндірісті пандемияға дейінгі деңгейге дейін қалпына келтірген кәсіпорындардың ең көп пайызы тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде (тиісінше 9,1% және 8,2%). Құрылыс және көлік кәсіпорындарының қалпына келу уақыты ең ұзақ, бұл салаларда өндіріс көлемі 2022 жылдан кейін ғана қалпына келеді деп санайтын кәсіпорындар үлесі сәйкесінше 15,4% және 12,3% құрады.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу

15-график. Кен өндіру өнеркәсібі, ДИ\*



16-график. Өңдеу өнеркәсіп, ДИ




График 17. Құрылыс, ДИ







График 18. Сауда, ДИ



19-график. Көлік және қойма, ДИ



20-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс

— Дайын өнім бағасы

— Шикізаттар бағасы

2021-жылғы 3-тоқсанда дайын өнімге деген **сұранысқа** қатысты жағдай ауыл шаруашылығы саласынан басқа салалардың бәрінде нашарлады.

Кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі салаларында сұраныстың өсу қарқынының баяулауы байқалды. Құрылыс, сауда және көлік және қоймалау саласының көрсеткіші теріс аймаққа өтті. 2021-жылдың 4-тоқсанында барлық салаларда сұраныстың өсуі күтілуде.

Барлық салаларда 2021-жылдың 3-тоқсанында шикізат пен материалдар мен дайын өнім бағасының өсу қарқынының төмендеуі байқалды. 2021-жылдың 4-тоқсанында құрылыс пен көлік және қоймалау саласынан басқа қарастырылып отырған салалардың барлығында шикізат пен материалдар мен дайын өнім бағасының өсу қарқынының аздап жоғарылауы күтілуде.


\*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

\*\* 2021 жылдың 4-ші тоқсаны үшін кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі

21-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа салмақтанған жүктемесі\*, %




2021 жылдың 3-тоқсанында ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлік және қоймалау салаларынан басқа барлық салаларда өндірістік қуат жүктемесі (ӨҚЖ) төмендеді.

Ең жоғары ӨҚЖ кен өндіру өнеркәсібінде. Мұнда өндірістік қуатты барынша жүктеген (ӨҚЖ>=90%) кәсіпорындар үлесі басқа салаларға қарағанда жоғарырақ, ал ӨҚЖ<50% кәсіпорындар үлесі ең төмен. Ең нашар ӨҚЖ құрылыс пен көлік және қоймалау саласында.

Нәтижесінде ең жоғары орташа салмақтан ӨҚЖ деңгейі кен өндіру өнеркәсібінде сақталып отыр (61,1%). Өндірістік потенциалын ең аз қолданатын сала болып құрылыс саласы табылады. Бұл ретте, құрылыс пен ауыл шаруашылығы бойынша ӨҚЖ динамикасының құбылмалылығы көрсеткіштің маусымдық факторларға тәуелділігімен түсіндіріледі.

22-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2021 жылғы 3-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

**2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні\***

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**	ӨҚК	ААҚУ, %
Кен өндіру өнеркәсібі	1,59	1,64	0,20	45,0	0,52	51,7
Өңдеу өнеркәсібі	1,51	1,42	0,27	21,1	0,38	63,4
Құрылыс	1,17	1,16	0,28	19,0	0,29	70,3
Сауда	1,18	1,21	0,42	19,1	0,24	84,2
Көлік және қойма	1,17	1,49	0,15	27,2	0,41	31,3
Ауыл шаруашылығы	1,40	1,51	0,09	27,5	0,46	34,6

**3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары**

	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады. Норматив 1,2-2.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер <i>ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім</i>	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ <i>ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны</i>	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) <i>МК – меншікті капитал</i>	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері 2021-жылғы 3-тоқсанда былайша қалыптасты:

- кен өндіру кәсіпорындарының өтімділігі ең жоғары болып табылады (**АӨК = 1,59**);
- төлем қабілеттілігі ең жоғары болып кен өндіру өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы саласының кәсіпорындары табылады (**ЖТҚК = 1,64** және **1,51**, сәйкесінше);
- іскерлік белсенділік сауда саласында басқаларына қарағанда әлдеқайда жоғары (**ААК = 0,42**);
- рентабельділігі ең жоғары кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары (**СР=45,0%**), ең төмен көрсеткіш – құрылыс және сауда саласында (**СР=19,0% және 19,1%**);
- инвестициялауды меншікті қаражаттың есебінен қаржыландыру мүмкіндігі кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындарында жоғарырақ (**ӨҚК=0,52**);
- сауда саласы кәсіпорындарының активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ = 84,2%**).

\*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

\*\* Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

График 23. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




График 25. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)




График 24. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)





График 26. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТЖҚ)



— Кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қойма — Ауыл шаруашылығы

2021-жылдың 3-тоқсанында кәсіпорындардың өздерінің қысқа мерзімді міндеттемелерін жабу мүмкіндіктері барлық салаларда жақсарды. Искерлік белсенділіктің көтерілуі құрылыс, көлік және қоймалау, тау-кен және өңдеу салаларында орын алды, ал біршама төмендеу сауда және ауыл шаруашылық саласында байқалды. Ең жоғары өсім құрылыста орын алды (ААК 0,21-дан 0,28-ке дейін жоғарылады). Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі барлық салаларда өсті, ең жоғарғы өсім тау-кен өнеркәсібінде (ЖТЖҚ = 1,64) орын алды, тек құрылыста көрсеткіш біраз нашарлады (ЖТЖҚ = 1,16).

Сауда және өңдеу саласының кәсіпорындарының инвестицияны меншікті қаражаттың есебінен қаржыландыру мүмкіндігі аздап өсті (ӨҚК = 0,24 және 0,38), ал көлік және қоймалау және құрылыс салаларында көрсеткіш өз шамасында қалды (ӨҚК = 0,41 және 0,29).


\* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

\*\* Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (12-бет)

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау:

## Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

27-график. Сатудың орташа рентабельділігі\*, %



28-график. Сату рентабельділігінің динамикасы\*, %





График 29. Қаржылық жылды пайдамен/шығынмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2021-жылдың 3-тоқсанында пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығындар шегерілгенге дейінгі **сату рентабельділігі** кен өндіру өнеркәсібі және ауыл шаруашылық саласында өсіп, басқа салаларда төмендеді.

Кен өндіру өнеркәсібінде сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда жоғары. Қаржылық жылды **шығынмен** аяқталады деп болжап отырған кәсіпорындардың үлесі көлік және қоймалау және құрылыс саласында көбірек (**15,4% және 14,8% сәйкесінше**). Өңдеу өнеркәсібі және сауда саласының кәсіпорындарының болжамы әлдеқайда жақсырақ: оларда жыл **пайдамен** жабылады деп санайтын кәсіпорындар үлесі сәйкесінше **45,5% және 42,9%** құрады.

Қаржылық жылды пайдамен жабуды болжап отырған кәсіпорындар қарастырылып отырған салалардың бәрінде шығынмен жабуды болжап отырған кәсіпорындардан көбірек.

\* Орташа арифметикалық мәnnің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық

Банк секторынан тыс, яғни жеткізушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен және т.с. өзара есеп айырысуға байланысты мерзімі өткен берешекке қатысты ахуал біршама өзгерді. 2021-жылдың 3-тоқсанында экономика бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **23,9%**-дан 22,6%-ға дейін төмендеді, ал **кредиторлық берешегі** бар кәсіпорындар үлесі **20,5%**-дан **20,7%**-ға дейін өсті.

Құрылыс саласынан басқа салаларда мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі төменеді. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындар үлесі сауда мен құрылыс саласында өсті. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп үлесі кен өндіру өнеркәсібінде (сәйкесінше, **27,6%** және **30,7%**).

30-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




31-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




# Кәсіпорындар қызметінің нақты көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


32-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі, ДИ %



33-график. Қызметкерлер санының өзгерісі, ДИ \*



34-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі, %



2021-жылдың 3-тоқсанында ауыл шаруашылығынан басқа қарастырылып отырған барлық салалардың бәрінде **өндіріс көлемінің өсу қарқыны** 2-тоқсанға қарағанда **баяулады**, дегенмен ДИ өсу аясында. 4-тоқсанда қарастырылып отырған барлық салалардың бәрінде өндіріс көлемінің өсу қарқынының баяулауы және кейбір салаларда өндіріс көлемінің төмендеуі күтілуде.

Қарастырылып отырған бар салаларда қызметкерлердің саны төмендеді, ең көп төмендеу ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында орын алды, бұл осы салалардың маусымдық сипатымен түсіндіріледі.

2021-жылдың 3-тоқсанында **орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың** үлесі төмендеді. 2021 жылдың 4 тоқсанында жалақыға қатысты жағдай ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласының қызметкерлерінде нашарлайды.

\* ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

\*\* Графиктерде 2021 жылдың 4-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген



- **Бәсекелестіктің ең жоғары дәрежесі** сауда саласында қалып отыр.
- Кәсіпорындардың көпшілігі бизнесті жүргізуді шектейтін негізгі фактор ретінде **Қазақстан экономикасының жағдайын** атайды.
- 2021 жылдың 3-тоқсанында теңге бағамының Ресей рубліне қатысты өзгерісінің **кері** ықпалы жалпы экономика бойынша **бәсеңдеді**, алайда тау-кен және құрылыс саласы кәсіпорындары үшін күшейіп, басқа салалар үшін, әсіресе сауда және ауыл шаруашылық салалары үшін бәсеңдеді. Теңгенің АҚШ долларына қатысты өзгерісінің кері әсері барлық қарастырылып отырған салалар үшін **төмендеді**. Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта - Ресей рублі (өңдеу өнеркәсібінде кәсіпорындардың 65,4%-ы ресей рублін пайдаланады, саудада – 59,5%).
- 2021 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығынан басқа барлық қарастырылып отырған салаларда **өндіріс көлемінің** өсу қарқыны баяулады және **өндірістік қуаттарды пайдалану** деңгейінің (ӨӨК) ауыл шаруашылығы, құрылыс және көлік және қойма саласынан басқа салаларда төмендеді. Өндірістік қуаттылықты ең жоғары пайдалану деңгейі кен өндіру өнеркәсібінде қалып отыр (61,1%).
- 2021-жылдың 3-тоқсанында ауыл шаруашылық саласынан басқа барлық салаларда **дайын өнімге деген сұраныстың нашарлауы** байқалды.
- Тау-кен өндіру өнеркәсібінде **сату рентабельділігі** басқа салаларға қарағанда жоғары. Рентабельділіктің өсуі тау-кен өнеркәсібінде және ауыл шаруашылығында байқалды.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп үлесі тау-кен өнеркәсібінде (сәйкесінше 27,6% және 30,7%) болды.
- 2021-жылдың 4-тоқсанында барлық салаларда шикізат пен материалдар мен дайын өнім бағасының өсу қарқынының өсуі күтілуде.